6.8 Халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорт жарыстарына, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға, фестивальдарға қатысатын білім алушыларға арналған оқу сабақтары оқытудың асинхронды және/немесе синхронды форматы арқылы ұйымдастырылады.

Қорытынды аттестаттауды қашықтықтан оқыту арқылы тапсыру прокторинг жүйесін қолдана отырып жүргізіледі.

6.9 Денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар білім алушыны қашықтықтан оқыту «Облыстағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бойынша жүзеге асырылады. Қашықтықтан оқыту кезеңі мен мерзімі дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысының медициналық көрсеткіштері негізінде айқындалады.

6.10 Денсаулық мүмкіндіктері уақытша шектеулі және университетке тұрақты түрде қатысу мүмкіндігі жоқ тұлғалар үшін оқу сабақтары білім беру ұйымының шешімі негізінде асинхронды және (немесе) синхронды оқыту форматтары арқылы, сондай-ақ оқу материалдарын өз бетінше меңгеру жолымен ұйымдастырылады.

6.11 Оқыту нысанына қарамастан қашықтықтан оқытуға рұқсат етілетін пәндердің және (немесе) модульдердің тізбесін университет дербес айқындайды және басшының бұйрығымен бекітеді.

6.12 Білім беру бағдарламасын меңгеру барысында білім алушының пәнді және (немесе) модульді меңгеру тәртібін сақтауын, оқу процесіне қатысу деңгейін, сабаққа қатысуын мониторингтеу оның цифрлық ізін қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

6.13 **Педагогикалық ғылымдар, құқық және ветеринария** салаларында кадрлар даярлау үшін оқыту кезеңі ішінде пәндердің жалпы санының **20%-ынан аспайтын** көлемде қашықтықтан оқытуға ауыстыру көзделеді.

6.14 Кадрлар даярлаудың **өзге бағыттары бойынша** пәндердің жалпы санының **50%-ынан аспайтын** көлемде қашықтықтан оқытуға ауыстыру көзделеді.


Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып пәндерді оқыту кезінде, жаппай ашық онлайн-курстарды (МООК) қолдану арқылы меңгерілуі көзделген пәндерді қоспағанда, әрбір пәннің жалпы көлемінің **20%-ынан аспайтын** бөлігін қашықтықтан оқытуға ауыстыру қарастырылады.

6.15 Университет 6.4-тармақта көрсетілген білім алушыларға оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жеке оқу жоспарын және білім беру бағдарламасын меңгерудің жеке кестесін қамтамасыз етеді.

6.16 Университет білім алушыларға консультациялық қолдау көрсетуді, білім беру бағдарламасын меңгеру барысында тәртіптің сақталуын, сабаққа қатысуын, логтауды, оқу материалдарын меңгеру барысын және тапсырмаларды уақытылы орындауын олардың цифрлық ізі арқылы қатаң мониторингтеуді қамтамасыз етеді.

6.17 Университет қашықтықтан оқытудың онлайн-курстарының құрылымы мен мазмұнын дербес айқындайды.

6.18 Қашықтықтан оқыту кезінде қолданыстағы білім беру бағдарламасына сәйкес оқу пәндерінің және оқу жұмысы түрлерінің еңбек сыйымдылығы сақталады.

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

6.19 Шектеу шаралары жағдайында, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде онлайн-форматта жүзеге асыру мүмкін емес кәсіби практика, ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстар, зертханалық және студиялық сабақтар қашықтықтан оқытуға көшу кезінде кейінгі академиялық кезеңдерге ауыстырылады.

6.20 Академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша қашықтықтан оқытуға көшуге рұқсат беру және оны ұйымдастыру тәртібін университет дербес айқындайды. Для подготовки обучающихся по программам академической мобильности допускается перевод на дистанционный формат изучения не более **20%** от общего объема академических кредитов за весь период обучения;

Қос дипломды білім беру бағдарламалары және білім алушылармен алмасу бағдарламалары бойынша білім алушыларды даярлау үшін оқытудың барлық кезеңі ішінде академиялық кредиттердің жалпы көлемінің 50%-ынан аспайтын бөлігін қашықтықтан оқыту форматында менгеруге ауыстыруға жол беріледі.

6.21 Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде, оның ішінде халық арасында аурулардың алдын алу мен емдеуді, санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды қамтитын жағдайларда, академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша, сондай-ақ қос дипломды және (немесе) бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде білім алушыларға қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып академиялық кредиттердің неғұрлым үлкен көлемін менгеруге жол беріледі.

6.22 Білім алушылар білім беру бағдарламасының жекелеген пәндерін университетпен келісу арқылы ересектерге арналған бейресми білім беру шеңберінде, оның ішінде жаппай ашық онлайн-курстар (МООК) арқылы менгереді, олардың нәтижелері университет дербес айқындайтын тәртіппен танылады және оқытудың барлық кезеңі ішінде академиялық кредиттердің жалпы көлемінің жиынтығында жиырма пайызынан аспауға тиіс.

6.23 Онлайн-оқытуға білім алушыларды қабылдау жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

6.24 Экстернат және онлайн-оқыту нысанында оқытуға жол берілмейтін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша кадрлар даярлау бағыттарының тізбесі:

6B011, 7M011 – Педагогика және психология

6B012, 7M012 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы

6B013, 7M013 – Пәндік мамандандырусыз мұғалімдерді даярлау

6B014, 7M014 – Жалпы дамыту бағытындағы пәндік мамандандыруы бар мұғалімдерді

даярлау

6B015, 7M015 – Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау

6B016, 7M016 – Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау

6B017, 7M017 – Тілдер мен әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау

6B075, 7M075 – Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)


6B091, 7M091 – Ветеринария

6.25 Университет онлайн-оқытуды жүзеге асырады және білім алушыларға оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жеке оқу жоспарын (ЖОЖ), сондай-ақ білім беру бағдарламасын менгерудің жеке кестесін қамтамасыз етеді.

6.26 Университет онлайн-оқытуды ұйымдастыру тәртібін академиялық саясатта, академиялық адалдық саясатында, студенттің ар-намыс кодексінде, әдеп қағидаларында, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу қағидаларында, ішкі сапа стандарттарында (осы санаттағы білім алушылар болған жағдайда) көздейді.

6.27 Онлайн-оқыту тиісті кадрлар даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын университет жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес дербес әзірлейді және олар оқыту нәтижелерін көрсетеді, соның негізінде оқу жоспарлары (ЖОЖ, білім алушылардың жеке оқу жоспарлары) және пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламалары (силлабустар) әзірленеді.

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

6.28 Онлайн-оқытуға арналған оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларында (силлабустарда) асинхронды және синхронды оқыту форматтарының арақатынасы көрсетіледі, бұл ретте синхронды сабақтардың үлесі жаппай ашық онлайн-курстарды (МООК) қолдану арқылы меңгерілуі көзделген пәндерді қоспағанда, әрбір пәннің жалпы көлемінің кемінде 20%-ын құрайды.

6.29 Университет білім алушымен онлайн-платформаның пайдаланушы келісімінің талаптарын қабылдауын және дербес деректерді өңдеуге келісімін, сондай-ақ білім алушының техникалық қамтамасыз етілуіне қойылатын талаптарды көздейтін шарт жасасады.

6.30 Онлайн-оқыту білім беру порталы арқылы жүзеге асырылады, оған мыналар кіреді:

1) Оқытуды басқару жүйесі, оның ішінде курс элементтерінің кіріктірілген құрылымы: оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді тексеруге бағытталған бақылау тапсырмалары мен оқыту нәтижелері міндетті түрде көрсетілетін силлабустар, дәрістер, практикалық және зертханалық тапсырмалар, курс бойынша бағалау саясаты, аудио және бейнематериалдар, электрондық құжаттар, кескіндер, медиа-сервистерге гиперсілтемелер, электрондық кітапхана, жаппай ашық онлайн-курстар (МООК) платформасы, білім беру процесіне қатысушылармен кері байланыс орнатуға арналған қолжетімді корпоративтік арналар, топтық сабақтарды ұйымдастыру, оқытушы-білім алушы, білім алушы-білім алушы, оқытушы-оқытушы, әкімшілік-білім алушы өзара іс-қимылы.

2) Білім алушылар туралы деректерді басқару жүйесі: жеке есептік жазбаға қолжетімділік, білім алушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуын қамтитын оқу процесін басқару, оқу процесін ашықтығы, асинхронды және (немесе) синхронды оқыту форматтарын ескере отырып жасалған оқу сабақтарының электрондық кестесі, онлайн-курстарға немесе бейнеконференция жүйесіндегі сабақтарға сілтемелер, оқу пәндеріне онлайн-тіркеу.

3) Ғылыми зерттеулерді басқару жүйесі: зерттеу жобаларының, жарияланымдардың, ғылыми әзірлемелердің, ғалымдардың дерекқоры және зерттеу нәтижелері.

Университет онлайн-оқыту бойынша деректердің ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне өзекті түрде берілуін қамтамасыз етеді.

6.31 Университет мыналарды қамтамасыз етеді:

-білім алушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне және университеттің әлеуметтік-мәдени өміріне тартуды;

-академиялық кезең басталғанға дейін кемінде 5 жұмыс күні бұрын дайындық актісіне сәйкес білім беру порталында жұмыс оқу жоспарына (ЖОЖ) сәйкес цифрлық контентті орналастыруды;

-келесі талаптарға жауап беретін цифрлық контенттің сапасын: толықтығы, әртүрлілігі, педагогикалық дизайнның болуы, мультимедиялылығы;


-білім беру бағдарламасының кредиттерінің жалпы көлемінің кемінде 10%-ын университеттің ресми платформасында және (немесе) халықаралық білім беру платформаларына (Coursera, EdX, FutureLearn, Udacity) жазылу арқылы жаппай ашық онлайн-курстарды (МООК) қолдана отырып меңгеруді;

-онлайн-оқытуды ұйымдастыру бойынша басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимылды.

6.32 Онлайн-оқыту нысанында сабақ беруге соңғы 3 жыл ішінде IT-құзыреттер, онлайн-оқытудың әдістемесі мен технологиялары саласында жалпы көлемі кемінде 72 сағат болатын біліктілікті арттыру курстарынан өткен профессор-оқытушылар құрамы жіберіледі.

6.33 Кәсіби практиканы, ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстарды, ғылыми тағылымдамаларды практика базаларында, ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалар немесе қызмет бағыттары ұйымдарында өткізу күндізгі нысанда жүзеге асырылады. Бұл ретте білім беру бағдарламасының ерекшелігіне байланысты онлайн нысанда өткізуге жол беріледі.

6.34 Сабаққа қатысуды және білім алушылардың үлгерімін мониторингтеу білім алушылар контингенті, курстар, контент бірліктері, нақты курстарға немесе олардың контентіне жүгіну статистикасы, платформаға кіру логтары, курстардағы белсенділік динамикасы, бағалардың бөлінісі, сабаққа қатысу статистикасы бойынша аналитикалық есептерді қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

6.35 Білім беру процесінің тиімділігіне мониторинг және талдау білім алушы мен оқытушының цифрлық ізін қадағалау арқылы жүргізіледі.

6.36 Онлайн-оқыту кезінде академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, барлық жазбаша жұмыстардың плагиатқа тексерілуі міндетті түрде жүзеге асырылады.

6.37 Аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу нысанын университет дербес айқындайды. Аралық және қорытынды аттестаттауды онлайн нысанда өткізу кезінде онлайн-прокторинг қолданылады.

6.38 Университет білім алушылардың ағымдағы үлгерімін бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

6.39 Университет әкімшілік-басқару, профессор-оқытушылар, оқу-көмекші және қызмет көрсетуші персоналдың білім алушылармен, топ кураторларымен/ эдвайзерлерімен, академиялық лек ағымдарымен кездесулер өткізу, кураторлық сағаттарды, білім беру процесі мәселелері бойынша студенттік клубтардың отырыстарын өткізу регламентін әзірлейді және оны білім беру порталы арқылы жариялайды.

6.40 Білім беру порталының, білім беру бағдарламасының және (немесе) пәндердің/модульдердің сапасына, цифрлық контентке, сондай-ақ онлайн-оқытуға тартылған профессор-оқытушылар құрамына қатысты білім алушылар арасында сауалнама және (немесе) сұрау жүргізіледі.

6.41 Онлайн-оқыту және күндізгі оқыту нысандары бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Білім алушыларды оқытудың бір нысанынан екіншісіне ауыстыру каникул кезеңінде ақылы негізде жүзеге асырылады.

6.42 Онлайн-оқытуға түсетін тұлғаларға және білім алушыларға қабылданған сәттен бастап оқуын аяқтағанға дейін консультациялық қолдау көрсету үшін университет мыналарды қамтамасыз етеді:

- өз функционалдық міндеттері шеңберінде онлайн-оқыту бойынша қажетті құзыреттері бар әкімшілік-басқару, профессор-оқытушылар, оқу-көмекші және қызмет көрсетуші персоналдың болуын;

- қолжетімді корпоративтік байланыс арналарының болуын;

- университеттің ресми сайтында жарияланған онлайн-оқытуды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық материалдардың болуын;

- білім алушылар үшін цифрлық ресурстар мен оқу процесін таныстыру мақсатында бейімдеу апталарын ұйымдастыруды.

6.43 Онлайн-оқытуға түсетін тұлғаларға және білім алушыларға қабылданған сәттен бастап оқуын аяқтағанға дейін техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету үшін университет мыналарды қамтамасыз етеді:

- онлайн-оқытуда пайдаланылатын цифрлық инфрақұрылым мен цифрлық платформалардың, мобильдік қосымшалардың қолжетімділігі мен үздіксіз жұмыс істеуін;

- онлайн-курстар мен электрондық ресурстарды студиялық өндіруді қамтамасыз ететін, лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етумен жабдықталған және арнайы бөлінген үй-жайы бар бағдарламалық-аппараттық кешеннің жұмыс істеуін;


- онлайн-оқытуда пайдаланылатын цифрлық инфрақұрылым мен цифрлық платформалардың аппараттық қауіпсіздігін.

6.44 Онлайн-оқытуға түсетін тұлғаларға және білім алушыларға қабылданған сәттен бастап оқуын аяқтағанға дейін әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету мақсатында университет мыналарды қамтамасыз етеді:

- заманауи цифрлық білім беру технологияларын, оның ішінде аралас оқытуды, микрооқытуды және бейімделмелі оқытуды, виртуалды/толықтырылған шынайылықты, геймификацияны, «салмақты ойындарды» (Serious Games), Big Data (үлкен деректер) технологияларын қолдануды;

- онлайн-оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік материалдарды әзірлеуді;

- онлайн-оқыту пәндері бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуді және оларды

 ШЕРХАН МҰРТАЗА UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының цифрлық платформаларында орналастыруды.

6.45 Оқу процесін ұйымдастыру мақсатында толық қашықтықтан оқыту форматында университет мынадай жағдайларды жасайды:

1) виртуалды (онлайн) Тіркеуші офисінің, виртуалды Деканаттың, виртуалды Ректораттың жұмыс істеуін;

2) цифрлық офицерлер мен цифрлық еріктілерді тартуды;

3) қашықтықтан оқыту режимінде оқу сабақтарын үздіксіз ұйымдастыру үшін университеттің қажетті IT-инфрақұрылымын құруды: тұрақты желілік қосылымның, серверлік жабдықтың, деректерді сақтау жүйелерінің (СХД) болуын, киберқауіпсіздік жүйелерінің жұмыс істеуін;

4) оқу процесін басқару функционалы толық қамтылған, өзара интеграцияланған бір немесе бірнеше платформаны қолдана отырып, университеттің оқытуды басқару жүйесі (LMS) мен қашықтықтан оқыту технологиялары (ҚОТ) платформасының жұмыс істеуін қамтамасыз етуді.

5) Сапалы контентті (онлайн-курстар, кейстер және т.б.) қалыптастыруды және оқу контентіне мониторинг жүргізуді көздейтін электрондық кітапхана ресурстарымен қамтамасыз етуді;

6) Білім алушыларды қажетті оқу контентімен толық көлемде қамтамасыз етуді және бақылау іс-шараларының салмақтық коэффициентін баптау мүмкіндігі бар электрондық журналдың жұмыс істеуін;

7) Оқытушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласындағы құзыреттерін арттыруды, өз онлайн-курстарын, электрондық кейстерін әзірлеу дағдыларын дамытуды, білім алушылардың оқу жетістіктерін критериялы бағалауды қолдану дағдыларын жетілдіруді;

8) Теориялық оқытуды силлабуста оқытушы ұсынған әртүрлі типтегі оқыту сервистері мен платформаларын пайдалана отырып ұйымдастыруды (онлайн-курстар, асинхронды коммуникациялар, білім алушыға қолайлы уақытта оқыту немесе кесте бойынша онлайн-сабақтарды ұйымдастыру);

9) Зертханалық және практикалық сабақтарды кестеге сәйкес қашықтықтан форматта өткізу немесе оларды кез келген уақытта меңгеру мүмкіндігін қамтамасыз ету. Зертханалық жабдықтардың болуын талап ететін білім беру бағдарламалары үшін симуляторларды, виртуалды зертханаларды, толықтырылған және виртуалды шынайылық бағдарламаларын, кейстерді қолдану ұсынылады;

10) 1-курс студенттері үшін қыркүйек айында күндізгі және (немесе) қашықтықтан форматта 2-4 апталық бейімдеу кезеңін өткізу ұсынылады, оның мақсаты:

-университеттің академиялық саясатымен, оқыту және бағалау саясатымен таныстыру және бейімдеу;

-логиндер мен құпиясөздерді алу, университет жүйесінде тіркелу;

-білім беру қызметін көрсету туралы шарт жасасу;

-эдвайзермен танысу;

-тіркеу/жазылу және жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) қалыптастыру;

-СЭР қамтамасыз ету регламентін орындау бойынша нұсқама жүргізу.

Сондай-ақ келесі жүйелермен жұмыс істеу бойынша оқыту ұйымдастырылады:


-электрондық кітапханамен;

-LMS және қашықтықтан оқыту технологиялары (ҚОТ) платформаларында;

-нақты уақыт режимінде бейнеконференцияны қолдайтын платформаларда;

-аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу рәсімдеріне арналған прокторинг жүйелерінде (ProctorEdu, Examus, ProctorExam, ProctorU, Hesperus, университет әзірлеген прокторинг жүйелері және т.б.);

-университеттің жастар ұйымдарының қызметімен танысу және осы ұйымдарға мүшелікке қабылдану.

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

Басқа өңірлерден келген білім алушылардың күндізгі форматта өткізілетін сабақтарға қатысу үшін келе алмауы жағдайында, аталған сабақтарды олар үшін қашықтықтан форматта өткізу ұсынылады.

11) 1-курс магистранттары үшін қыркүйек айында оқыту жүйесіне бейімделу және танысу мақсатында, сондай-ақ ғылыми зерттеу траекториясын айқындау, ғылыми жетекшіні таңдау және онымен танысу, жеке жұмыс жоспарын толтыру үшін 1–2 апталық күндізгі сабақтарды өткізу ұсынылады.

Басқа өңірлерден келген білім алушылардың күндізгі форматта өткізілетін сабақтарға қатысу үшін келе алмауы жағдайында, аталған іс-шараларды олар үшін қашықтықтан форматта өткізу ұсынылады.

6.46 Университетте қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып оқу процесін ұйымдастыруға мониторинг жүргізіледі. Оқыту сапасын бағалау кафедра меңгерушілері, факультет декандары, аккредиттеу, рейтинг және стратегия бөлімі, академиялық мәселелер жөніндегі басқарма, академиялық жұмыс жөніндегі проректор және басқа да құрылымдық бөлімшелер деңгейінде жүзеге асырылады.

Оқытушылардың оқу-әдістемелік материалдарды жүктеуін, сабаққа қатысуды бақылау, сондай-ақ оқу контентінің сапасын және білім алушылардың тапсырмаларды орындауын бағалау міндетті болып табылады.

Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма оқытушылардың оқу жүктемесінің орындалуына мониторинг жүргізеді.

Тіркеуші офисі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар басқармасымен бірлесіп, оқытушылар мен білім алушылардың қашықтықтан оқытудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділігінің болуын бақылайды.

6.47 Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып оқытуды ұйымдастыру кезінде қарым-қатынас әдебі, сыртқы келбет этикеті, сондай-ақ сабақ трансляциясы барысында оқытушының артқы фонның эстетикасы (яғни, оқытушының артындағы көрініс) сақталуға тиіс.

7. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМ, ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАҢУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАЦИЯЛАУ

7.1 Білім алушыларды қабылдау


7.1.1 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын университетке қабылдау республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы және жоғары білім грантын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушының өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

7.1.2 Республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен жоғары білім грантын алу конкурсына қатысуға және (немесе) ақылы оқуға түсуге орта, техникалық және кәсіптік немесе ортадан кейінгі білім алған тұлғалар қабылданады. Бұл талап жоғары білім бағыттары бойынша қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін бағдарламаларға қабылданушыларға қолданылмайды. Мұндай тұлғалар ҰБТ-дан өтіп, нәтижесінде ҚР ЖОО-ға қабылдау үлгілік ережелерінде белгіленген минималды шекті баллды алған болуы тиіс.

Әрбір ҰБТ пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша минималды шекті баллдан төмен болмау талап етіледі.

7.1.3 Жоғары білім бағыттары бойынша қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін бағдарламалар бойынша республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен жоғары білім грантын алу конкурсына қатысуға техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім алған тұлғалар қабылданады. Олар ҰБТ-дан өтіп, нәтижесінде әрбір пән бойынша және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша ҚР ЖОО-ға қабылдау үлгілік ережелерінде белгіленген минималды шекті баллды алған болуы тиіс.

7.1.4 Орта, техникалық және кәсіптік немесе ортадан кейінгі білім алған тұлғалар, жоғары білім бағыттары бойынша қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін бағдарламалардан басқа, ҰБТ-

 ШЕРХАН МҰРТАЗЫ UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

дан қажетті шекті балл жинамаған жағдайда, университетте күндізгі оқу формасында ақылы негізде оқуға қабылданады.

7.1.5 Академиялық кезең аяқталған соң, аталған тұлғалар бір жыл ішінде қайтадан ҰБТ тапсырады, белгіленген мерзімдерде; «Біртұтас ұлттық тестілеу сертификатын беру» мемлекеттік қызметін көрсету және ҰБТ өткізу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

7.1.6 Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі немесе жоғары білім алған Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылданады.

7.1.7 Жоғары білім бағыттары бойынша қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін бағдарламаларға, «орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар техникалық және кәсіптік немесе ортадан кейінгі білім алған тұлғаларды университетке қабылдау ҰБТ нәтижесі бойынша жүзеге асырылады.

7.1.8 Жоғары білімі бар тұлғаларды, қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін ақылы білім беру бағдарламалары тобы бойынша университетке қабылдау университеттің қабылдау комиссиясы арқылы өтетін сұхбат нәтижесіне сәйкес жүзеге асырылады. Тек шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша қабылданушылардан басқа.

7.1.9 Жоғары білімі бар тұлғаларды, қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін және шығармашылық даярлықты талап ететін ақылы білім беру бағдарламалары тобы бойынша университетке қабылдау университеттің қабылдау комиссиясы арқылы шығармашылық емтихан формасында жүзеге асырылады.

7.1.10 Шетелдік азаматтарды университетке ақылы негізде қабылдау университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін сұхбат нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл жағдайда шетелдік азаматтарды қабылдау келесі академиялық кезең басталуға 5 (бес) күн қалғанда академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі.

7.1.11 Университетте ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына ректор, проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары және университет ПҚ өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясының мүшелер саны тақ сан болуға тиіс. Қабылдау комиссиясының төрағасы ректор болып табылады. Ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

7.1.12 «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша университетке қабылдану үшін құжаттарды қабылдау және арнайы емтихан өткізу университеттің қабылдау комиссиясының орналасқан жерінде, ҚР ЖОО-ға қабылдау үлгілік ережелерінде белгіленген мерзімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

7.1.13 Университетке қабылдану үшін қызмет алушылар (абитуриенттер) құжаттар пакетін қызмет көрсетушіге (университеттің қабылдау комиссиясы арқылы) немесе «электронды үкімет» веб-порталы www.egov.kz (портал) арқылы ұсынады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің негізгі талаптарын, оның ішінде процесс сипаттамасы, формасы, мазмұны және нәтижесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қосымша ақпаратты Стандарт мемлекеттік қызметте белгіленген.


Қызмет көрсетуші қызметкері (қабылдау комиссиясы) құжаттар пакетін қабылдайды, оны тіркейді және құжаттар пакетін қабылдағаны туралы қызмет алушыға түбіртек береді. Қызмет алушы толық емес құжаттар пакетін ұсынған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартылады.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда қызмет алушының «жеке кабинетіне» мемлекеттік қызметті қабылдау статусы жіберіледі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жолданады.

Қызмет көрсетуші құжаттар келген сәттен бастап олардың толықтығын тексереді. Толық болмаған жағдайда, өтінішті әрі қарай қараудан бас тартуға негізделген хабарлама дайындалады және электрондық құжат түрінде порталдағы «жеке кабинетке» жіберіледі.

Қызмет алушы толық құжаттар пакетін ұсынған жағдайда, қызмет көрсетуші университетке қабылдау үшін құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жібереді.

7.1.14 Хабарлама алған соң, қызмет алушы құжаттардың түпнұсқаларын 10–25 тамыз аралығында қызмет көрсетушіге ұсынады.

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

7.1.15 Құжаттар қабылданғаннан кейін, университет студенттер қатарына қабылдау 10–25 тамыз аралығында қабылдау комиссиясы арқылы жүзеге асырылады, оқу қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде жүргізіледі және ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

7.1.16 Жоғары білім беру бағдарламаларының шығармашылық бағыттары бойынша білім беру грантына ие болған тұлғалар, шығармашылық емтихан тапсырған университеттерге қабылданады.

7.1.17 Мемлекеттік грант негізінде оқуға қабылданған Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленген тәртіпке сәйкес кемінде 3 (үш) жыл еңбек ету туралы шарт жасасады.

7.2 Білім алушылардың үлгерімі

7.2.1 Университеттегі білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алу Тіркеуші офисі арқылы жүргізіледі. Офис аралық аттестаттау нәтижелерін тұрақты мониторингтейді және оларды студент топтарындағы минималды өту деңгейінен жоғары абсолюттік бағалардың нақты пайыздық үлесін көрсететін бағалау кестесіне сәйкес талдайды. Ағымдағы үлгерімге бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау, сабаққа қатысу деректері біріккен білім беру ақпараттық жүйесіне енгізіледі.

Бағаларды тарату студенттерді басқару үшін

Университетте қолданылатын бағалар (ең жоғарғыдан ең төменгі оң бағаға дейін)	Референттік топқа қойылған оң бағалардың саны	Жалпы оң бағалардың пайызы	Кумулятивті оң бағалардың пайызы
10	10	5%	5%
9	100	10%	15%
8	350	35%	50%
7	300	30%	80%
6	200	20%	100%
Барлығы	1000	100%	-

7.2.2 Ағымдағы және рубеждік бақылау оқу бағдарламалық материалды меңгеруді семинарлық, зертханалық, практикалық және басқа да оқу сабақтары барысында қамтамасыз етеді. Бұл деректер модуль бойынша бағалау және студенттермен жеке жұмысты ұйымдастыру үшін қолданылады.

7.2.3 Білім алушылардың ағымдағы үлгерімін бақылау әр пән тақырыбы бойынша жүргізіледі және аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы білімді тексеруді қамтиды.


7.2.4 Ағымдағы бақылау бағасы (рейтингтік баға) аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтардағы ағымдағы бақылау бағалары мен рубеждік бақылау бағаларының қосындысынан құралады.

7.2.5 Аралық аттестаттау университетте оқытудың нақты кезеңінде болашақ мамандардың оқу сапасының негізгі көрсеткіші ретінде үлгерімді анықтау үшін қолданылады.

7.2.6 Университетте білім алушылардың ағымдағы және қорытынды аттестаттауына қатысты ережелер әзірленген және бекітілген.

7.2.7 Білім алушылардың оқу жетістіктері (білім, дағды, шеберлік және құзыреттер) 100 балдық шкала бойынша бағаланады. Бұл бағалар халықаралық тәжірибеде қолданылатын әріптік жүйемен сәйкестендірілген цифрлық эквивалентке сәйкес келеді (оң бағалар, төмендеу ретімен, «А»-дан «D»-ге дейін, және «қанағаттанарлықсыз» – «FX», «F») және дәстүрлі жүйедегі бағалармен үйлестіріледі.

«Қанағаттанарлықсыз» бағасын («FX») алған жағдайда білім алушы пән/модуль бойынша қорытынды бақылауды (емтихан) академиялық күнтізбеге сәйкес бір рет қайта тапсыру

 İTÜ İBERKHAN MURTAZA UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

мүмкіндігіне ие, бірақ пән/модуль бағдарламасын қайта өту міндетті емес.

«Қанағаттанарлықсыз» бағасын («F») алған жағдайда білім алушы аталған пән/модульге қайта жазылып, барлық оқу сабақтарына қатысып, бағдарламасына сәйкес барлық оқу жұмысын орындайды және пән/модуль бойынша қорытынды бақылауды (емтихан) қайта тапсырады.

Транскриптте білім алушы менгерген барлық пәндер мен (немесе) модульдер көрсетіледі, сонымен қатар қорытынды бағалар жазылады, «FX» және «F» бағалары да қосылады.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру сапасын арттыру және оқу жетістіктерін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында оқу процесі мен ағымдағы бақылау бөлек жүргізіледі. Аралық және қорытынды аттестаттау Тіркеуші офисімен ұйымдастырылады.

Білім алушыға академиялық кредиттер пәндер (модульдер) және басқа оқу жұмыстарын менгергені үшін, сондай-ақ білім беру бағдарламасын толық аяқтаған жағдайда қол жеткізген оқу нәтижелерінің оң бағалары негізінде беріледі.

Алдыңғы деңгейдегі оқу бағдарламаларында немесе басқа формалды және бейресми білім беру ұйымдарында білім алушы алған оқу нәтижелері мен оң бағалары университеттің академиялық кредиттеріне қайта есептелу арқылы мойындалады.

Университеттен шығарып жіберілген білім алушыға ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлға қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт беріледі.


Студенттердің үлгерімі келесі кестеде көрсетілген бағалар бойынша анықталады:

**Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесі
(4 балдық цифрлық эквивалентке сәйкес)**


Әріптік баға	Цифрлық эквивалент (балл)	Пайыздық мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

Деңгейлік модельге және ECTS-ке аударуға және дәстүрлі бағалау шкаласына сәйкес шет тілдерінен білім алатын оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Жалпыеуропалық құзыреттілік бойынша тілді менгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалау	ECTS (иситиэс) бойынша бағалау	Балдардың сандық баламасы	%-дық мазмұны	Дәстүрлі бағалау шкаласы
A1	A	A	4	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B		3	80-84	
	B-	C	2,67	75-79	Жақсы
	C+		2,33	70-74	

 ITU SHERKHAN MURTAZA UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

	C	D	2	65-69	Қанағаттанарлық	
	C-		1,67	60-64		
	D+		1,33	55-59		
	D	E	1	50-54	Қанағаттанарлық	
A2	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз но	
	A	A	4	95-100	Өте жақсы	
	A-		3,67	90-94		
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы	
	B	C	3	80-84	Жақсы	
	B-		2,67	75-79		
	C+		2,33	70-74		
	C	D	2	65-69	Қанағаттанарлық	
	C-		1,67	60-64		
	D+		1,33	55-59		
	D	E	1	50-54	Қанағаттанарлық	
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз но	
	B1	A	A	4	95-100	Өте жақсы
		A-		3,67	90-94	
B+		B	3,33	85-89	Жақсы	
B		C	3	80-84	Жақсы	
B-			2,67	75-79		
C+			2,33	70-74		
C		D	2	65-69	Қанағаттанарлық	
C-			1,67	60-64		
D+			1,33	55-59		
D		E	1	50-54	Қанағаттанарлық	
F		FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз но	
B2		A	A	4	95-100	Өте жақсы
		A-		3,67	90-94	
		B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3	80-84	Жақсы	
	B-		2,67	75-79		
	C+		2,33	70-74		
	C	D	2	65-69	Қанағаттанарлық	
	C-		1,67	60-64		
	D+		1,33	55-59		
	D	E	1	50-54	Қанағаттанарлық	
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз но	
	C1	A	A	4	95-100	Өте жақсы
		A-		3,67	90-94	

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1	50-54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз но
C2	A	A	4	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	
	C	D	2	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1	50-54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз но

7.2.8 Сол академиялық кезеңде ағымдағы бағаны жақсарту мақсатында емтиханды қайта тапсыруға рұқсат жоқ.

7.2.9 Бағаны жақсарту және GPA көрсеткішін арттыру мақсатында білім алушы келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде ақылы негізде аталған пән бойынша жұмыс бағдарламасында көрсетілген барлық оқу сабақтарына қайта қатысып, қатысуға рұқсат алады және қорытынды бақылауды (ИК) қайта тапсырады.

7.2.10 Білім алушылардың тілдік (қазақ, шетелдік, орыс) оқу жетістіктері шетел тілдері бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың балл-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес бағаланады. Бағалау деңгейлік модельге негізделеді және ECTS жүйесіне, сондай-ақ дәстүрлі ұлттық шкалаға аударылады. Тілдік деңгей және сипаттамасы Шетел тілін меңгеру жалпы құзыретіне (ОЕК) сәйкес анықталады: A1, A2, B1, B2, C1, C2.

7.2.11 Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:

$$P = (PB_1 + PB_2 + AB) * 0,6 / 3) + (Э * 0,4)$$

мұндағы:

PB1, PB2 – бірінші және екінші рубеждік бақылау бағалары;

AB – ағымдағы бақылау бағасы;

E – емтихан бағасы;

0,6; 0,4 – рубеждік бақылау және аралық аттестаттау салмақтық коэффициенттері.


7.2.12 Емтихан нәтижелерімен келіспейтін білім алушылар апелляция өткізуге құқылы.

Апелляция келесі жағдайларда өткізіледі:

-тест тапсырмаларының тұжырымы дұрыс емес болған жағдайда;

-тест тапсырмаларында дұрыс жауап болмаған жағдайда;

-тест тапсырмалары, жазбаша емтихан тапсырмалары, емтихан сұрақтары пәннің оқу

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

бағдарламасына сәйкес келмеген жағдайда;

-компьютерлік тестілеу барысында техникалық ақаулар орын алған жағдайда;
-емтихан алушының білім алушыға қатысты бейтарап емес көзқарасы бар деп болжанған жағдайда.

Апелляция білім алушының өтініші негізінде емтихан өткізілгеннен кейінгі келесі күні комиссия тарапынан қаралады.

Жазбаша емтихан немесе тестілеу нәтижелері бойынша апелляцияға өтініштер емтихан өткізілген күні қабылданады.

Апелляция пәндік апелляциялық комиссиямен жүргізіледі, оның құрамы сессия басталғанға дейін бекітіледі.

Егер білім алушы апелляция нәтижесінде емтиханда алған бағасынан төмен баға алса, транскриптке соңғы баға енгізіледі және GPA есептеу кезінде сол баға ескеріледі. Апелляция нәтижелері апелляциялық комиссия шешімі бірінші проректор тарапынан бекітілгеннен кейін тіркеу бөлімімен енгізіледі.

7.2.13 Белгіленген ауыстыру балының деңгейін жинаған білім алушылар ректордың бұйрығымен келесі курсқа ауыстырылады.

7.2.14 Курста оқу кезеңі бойынша білім алушының орташа балы (GPA) ағымдағы оқу жылы ішінде білім алушының жетістіктер деңгейінің орташа өлшенген бағасы ретінде айқындалады.

7.2.15 Университеттің барлық оқу нысандары мен білім беру бағдарламалары үшін білім алушыларды курстан курсқа ауыстырудың өту балының деңгейі Ғылыми кеңестің шешімімен белгіленеді және бакалавриат үшін:

2-ші курсқа (2-оқу жылы) ауысу кезінде – **GPA 1,33;**

3-ші курсқа (3-оқу жылы) ауысу кезінде – **GPA 1,67;**

4-ші курсқа (4-оқу жылы) ауысу кезінде – **GPA 2,0;**

5-ші курсқа ауысу кезінде – **GPA 2,0.**

Магистратурада 2-оқу жылына ауысу үшін – **GPA 2,67.**


7.2.16 Белгіленген ауыстыру балын жинамаған білім алушыларға ақылы негізде қайта оқу курсың өту ұсынылады немесе жазғы семестрде жекелеген пәндерді ақылы негізде қайта менгеріп, олар бойынша емтихандарды қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі. Қайта оқу курсына қалдырылған білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспарын толықтыра алады немесе жаңа жеке оқу жоспарын қалыптастыра алады, сондай-ақ бұрын бекітілген жеке оқу жоспары бойынша білім алуға құқылы.

7.2.17 Білім алушы (оның ішінде мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқитын – гранттан айырылмай), ауыстыру балының ең төменгі деңгейін жинап, келесі курсқа ауыстырылған жағдайда, академиялық қарызы болған кезде өтініш және төлем туралы шарт негізінде тиісті пәндерді ақылы негізде қайта оқып, академиялық қарызын өтеуге міндетті.

7.2.18 Пәндер бойынша академиялық айырмашылықты жою үшін білім алушыға бір академиялық кезең ішінде мерзім белгіленеді және жеке оқу кестесі жасалады. Егер білім алушы белгіленген мерзімде академиялық айырмашылықты жоймаса, ол академиялық қарыз ретінде есептеледі.

7.2.19 Академиялық қарызды жою үшін білім алушы тиісті пән бойынша оқу жоспарында көзделген барлық оқу сабақтарының түрлеріне ақылы негізде қайта қатысып, емтиханға жіберілуі тиіс. Пәнді менгеру осы пәнге бөлінген сағат көлемінде дәрістер, практикалық немесе зертханалық сабақтар өткізу арқылы, ағымдағы және аралық бақылауларды, емтиханды тапсыру арқылы жүзеге асырылады. Оқу қорытындысы бойынша оң баға алған жағдайда пән бойынша кредиттер есепке алынады. Бақылаудың барлық түрлерін жазғы семестрде сабақ жүргізген оқытушы жүзеге асыра алады.

7.2.20 Университеттен шығарылған білім алушыға ректор қол қойған және мөрмен расталған транскрипт беріледі. Транскриптке білім алушы менгерген барлық оқу пәндері және (немесе) модульдер, қорытынды бақылау (емтихан) нәтижелері бойынша алған барлық бағалары, соның ішінде «қанағаттанарлықсыз» баламасына сәйкес келетін FX және F бағалары міндетті түрде енгізіледі.

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

7.3 Оқу сабақтарына қатысуға тіркеу

7.3.1 Оқу пәндеріне жазылу үдерісінде білім алушылар өздерінің жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) қалыптастырады. Бұл ретте олар:

-кредиттік оқыту технологиясы (КОТ) бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидаларымен танысады;

-оқу пәндеріне тіркелудің және ЖОЖ-ға өзгерістер енгізудің белгіленген мерзімдерін сақтайды;

-меңгерілген пререквизиттерді ескере отырып, пәндерге жазылады.

7.3.2 Әрбір пән бойынша оқу сабақтарын ұйымдастыру және сабақ кестесін қалыптастыру білім алушылардың пәнге тіркелуі негізінде жүзеге асырылады. Білім алушы білім беру бағдарламасының (мамандығының) жұмыс оқу жоспарында (ЖОЖ) көзделген кредиттер санын игеру үшін тіркелуге міндетті.

7.3.3 Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеуді (Enrollment) Тіркеуші офисі ұйымдастырады. Бұл ретте білім алушылармен ұйымдастырушылық-әдістемелік және консультациялық жұмыстар жүргізу үшін студенттерге қолдау көрсету қызметтері мен эдвайзерлер тартылады.

7.3.4 Пәндерге тіркелу білім алушының эдвайзермен өзінің жеке оқу траекториясын жан-жақты талқылауынан кейін жүзеге асырылады. Эдвайзер бекітілген жұмыс оқу жоспары (ЖОЖ) мен элективті пәндер каталогына (ЭПК) сәйкес пәндерді таңдау мәселелері бойынша түсіндірме береді.

7.3.5 Университет білім алушылары білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде қол жеткізілетін күтілетін оқу нәтижелері мен қалыптасатын құзыреттерді ескере отырып, өздерінің жеке оқу траекториясын дербес қалыптастырады.

Білім алушы жоғары оқу орны компоненті және таңдау компоненті шеңберінде жеке оқу траекториясын айқындау кезінде:

-негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді;

-қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді (болған жағдайда) таңдайды.

7.3.6 Негізгі білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдау және меңгеру тәртібі пререквизиттердің болуын ескере отырып жүзеге асырылады.

Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді таңдау және меңгеру тәртібі сабақтас немесе бейінді білім беру бағдарламалары бойынша қосымша құзыреттер алу, сондай-ақ білім алушының жеке білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылады.


Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша таңдалатын пәндердің көлемін университет дербес айқындайды. Бұл ретте қосымша білім беру бағдарламасының пәндері жоғары оқу орны компоненті мен таңдау компоненті пәндері шеңберінде меңгеріледі және олардың көлемі негізгі білім беру бағдарламасы бойынша тиісті дәреже беру немесе біліктілік тағайындау үшін қажетті академиялық кредиттердің жалпы көлеміне енгізіледі.

7.3.7 Білім алушы өз ЖОЖ-ын қалыптастыруға және білім беру бағдарламасының оқу жоспары талаптарына сәйкес оқу курсы толтық меңгеруге дербес жауапты болады.

7.3.8 Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып білім алатын тұлғалар ЖОЖ-ды тьютордың көмегімен қалыптастырады.

7.3.9 Университетке жаңадан қабылданған білім алушылар үшін академиялық күнтізбеде көрсетілген мерзімдерге сәйкес бағдарлау (ұйымдастыру) кезеңінде кредиттік оқыту жүйесімен және пәндерге тіркелу рәсімімен жалпы таныстыру жүргізіледі. Бағдарлау кезеңінде әкімшілік өкілдерімен, факультет декандарымен, кафедра меңгерушілерімен, эдвайзерлермен кездесулер өткізіледі. Әрбір білім алушыға өзінің ЖОЖ-ын тіркеу үшін жеке сәйкестендіру нөмірі беріледі.

7.3.10 Университетке жаңадан қабылданған білім алушыларды тіркеу бірінші семестр басталғанға дейін (ұйымдастыру кезеңін қоса алғанда) жүзеге асырылады. Аталған санаттағы білім алушылар үшін тіркеуге қол жеткізудің негізі – университет студенттері/магистранттары қатарына қабылдау туралы бұйрық және семестр үшін төлемнің жүзеге асырылуы (оқу ақылы негізде болған жағдайда) болып табылады. Қайта тіркеу кезеңінде (семестрдің алғашқы бір аптасы ішінде) білім алушы бір пәннен бас тартып, басқа пәнге жазылу арқылы өзінің ЖОЖ-на өзгерістер енгізе алады.

 ШЕРХАН МҰРТАЗА UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

7.3.11 Сабақтар басталған күннен бастап төрт апта өткен соң білім алушы пәннен бас тартуға құқылы емес. Бұл талап бұзылған жағдайда, тиісті пән бойынша білім алушыға «F» бағасы қойылады.

7.3.12 Егер білім алушы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен (МЖМБС) көзделген жалпы білім беру пәнін (ЖБП) оқудан бас тартса, ол аталған пәнге келесі семестрде қосымша ақы төлеу арқылы қайта тіркелуге міндетті.

7.3.13 Тіркелуге рұқсат берудің негіздері:

- тиісті пәнді меңгеру үшін талап етілетін барлық пререквизиттердің игерілуі;
- оқу ақысы бойынша қаржылық берешектің болмауы.

7.3.14 Жазғы семестрге тіркелу жұп семестр аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады (<https://htu.edu.kz/images/pdf/instruction-1.pdf>).

7.3.15 Пәнді қайта оқу («Retake») үшін тіркелу жалпы тіркеу мерзімдерінде жүзеге асырылады, алайда алдын ала оқу ақысын төлеуді талап етеді, себебі пәнді қайта оқу барлық білім беру бағдарламалары мен оқу нысандары үшін тек ақылы негізде жүргізіледі.

Академиялық лек ағындар мен топтар тиісті пәнге және нақты оқытушыға тіркелген білім алушылардың жеткілікті саны және олардың экономикалық орындылығы қағидаты негізінде қалыптастырылады.

Академиялық лек ағындар мен топтардың толымдылығын университет дербес айқындайды. Бакалавриатта міндетті пәндер бойынша тіркелгендердің ең төменгі саны:

- дәрістер үшін – 50–80 адам;
- практикалық сабақтар үшін – 20–25 адам;

-тілдік және зертханалық сабақтар үшін – кемінде 12 адам, білім алушылар контингенті аз білім беру бағдарламалары (мамандықтар) пәндерін қоспағанда.

7.3.17 Білім алушылар контингенті аз білім беру бағдарламаларының элективті пәндері бойынша академиялық лек ағындар барлық білім алушылардың бір пәнге жазылу қағидаты бойынша қалыптастырылады. Бұл жағдайда білім алушылардың жалпы саны кемінде 10–12 адамды құрауы тиіс. Қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар жұмыс оқу жоспарының пәндерін жалпы лек ағындарда меңгереді.

7.3.18 Егер тіркелген білім алушылар саны белгіленген ең төменгі мөлшерден аз болса, пән ашылмайды. Аталған пәнге жазылған білім алушыларға бұл туралы ескертіледі және тіркеу аяқталғаннан кейін 3 күн ішінде пәнді қайта таңдауы сұралады.

Егер оқу пәніне тіркелген білім алушылар саны белгіленген ең жоғары мөлшерден асып кетсе, осы пән бойынша қосымша академиялық лек ағын қалыптастырылады.

7.3.19 Магистратурада топтарды қалыптастыру кезінде университет Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің тиісті нормативтік-нұсқаулық құжаттарын басшылыққа алады. Академиялық лек ағындар, білім алушылар контингенті аз білім беру бағдарламалары пәндерін қоспағанда, ең көбі 20–25 адам есебімен қалыптастырылады.


7.4 Танылу және сертификаттау

7.4.1 Жоғары білім беру біліктіліктерін, оқу кезеңдерін және алдыңғы білім деңгейін, оның ішінде бейресми білім беруді объективті түрде тану білім алушылардың оқу үдерісіндегі академиялық жетістіктерін қамтамасыз етудің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады және академиялық ұтқырлықты дамытуға ықпал етеді.

7.4.2 Ересектердің бейресми білім беру арқылы алған оқу нәтижелерін тану бейресми білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін және кәсіби біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

7.4.3 Ересектердің бейресми білімі білім беру бағдарламасының білім алушысы (тыңдаушысы) меңгеріп жатқан оқу пәнінің немесе модулінің мазмұнына және (немесе) оқу нәтижелеріне бейресми білім беру бағдарламасының мазмұны және (немесе) оқу нәтижелерінің сәйкестігін бағалау негізінде жүзеге асырылады.

7.4.4 Бейресми білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін білім беру ұйымдары таниды. Бейресми білім беру нәтижелерін растайтын құжат ретінде Қазақстан Республикасы Білім және

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы №39 бұйрығына сәйкес берілетін кәсіби даярлық туралы куәлік танылады.

7.4.5 Оқу нәтижелерін тану үшін комиссия құрылады. Комиссия тақ санды мүшелерден тұрады және оның құрамына білім беру ұйымының оқытушылары кіреді. Комиссия мүшелерінің арасынан көпшілік дауыспен комиссия төрағасы сайланады, ол комиссия қызметін басқарады, ал ол болмаған жағдайда оның міндетін төрағаның орынбасары атқарады. Комиссия хатшысының функцияларын комиссия құрамына кірмейтін білім беру ұйымының маманы орындайды. Комиссия шешімі еркін нысандағы хаттамамен рәсімделеді.

7.4.6 Бейресми білім беру нәтижесінде алынған оқу нәтижелерін тануға өтініш берген тұлға (Үміткер) Комиссия қарауына мынадай құжаттарды ұсынады:

- бейресми білім беру арқылы алынған оқу нәтижелерін тану туралы еркін нысандағы өтініш;
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- оқу нәтижелерін растайтын құжат.

Комиссия аталған құжаттардың болуын тексереді.

7.4.7 Комиссия үміткердің білім, білік және дағдыларының деңгейін айқындау мақсатында сұхбат өткізеді. Сұхбат қорытындысы бойынша Комиссия оқу нәтижелерін тану немесе танудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Комиссия шешімі отырысқа қатысқан мүшелердің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

7.4.8 Университетте алдыңғы білім деңгейлерінің біліктіліктерін ескере отырып әзірленген білім беру бағдарламалары бойынша оқыту жүзеге асырылады: жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім негізінде.

7.4.9 Университетте алдыңғы білім деңгейлерін тану талаптары белгіленген Қабылдау қағидалары және магистратураға қабылдау қағидалары (Ғылыми кеңестің 2022 жылғы 24 маусымдағы №11 хаттамасы) әзірленіп, бекітілген.

7.4.10 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері жоғары білімнің сабақтас даярлау бағыттары бойынша оқуға түскен жағдайда қысқартылған оқу мерзімі қарастырылады.

7.4.11 Ағымдағы оқу нәтижелері Тіркеуші офісінде тіркеледі және GPA есептелетін транскриптпен рәсімделеді.

7.4.12 Білім алушыларды курстан курсқа, бір білім беру бағдарламасынан (мамандықтан) екіншісіне ауыстыру, Университеттен басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына (ЖКОКБҰ) ауысу және керісінше, сондай-ақ қайта қабылдау белгіленген үлгідегі транскрипт және (немесе) академиялық анықтама негізінде жүзеге асырылады.

7.4.13 Университетте Білім алушыларды оқудан шығару, ауыстыру және қайта қабылдау қағидалары (<https://htu.edu.kz/images/pdf/p-p-v.pdf>) әзірленіп, бекітілген.

7.4.14 Университетте тиісті растайтын құжаттар (транскрипт, куәлік, сертификат және т.б.) болған жағдайда формалды да, бейресми де білім беру нәтижелері танылады.

7.4.15 Өндірістік базаларда танылатын жұмысшы кәсіптерін алуға ықпал ететін пәндерді білім беру бағдарламаларына енгізу қолдау табады.

7.4.16 Теориялық білімді меңгеру деңгейі кәсіби практикалар барысында расталады, олардың қорытындысы бойынша конференцияларда жұмыс берушілердің пікірлері, ұсыныстары, талаптары және бағалаулары тыңдалады.


7.4.17 Кәсіби практикалар бағдарламалары жұмыс берушілермен келісіліп бекітіледі.

7.4.18 Бітіруші курстағы қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша аттестаттау комиссиясы білім алушыларға тиісті академиялық дәреже береді және үздік немесе жай үлгідегі меншікті диплом беру туралы шешім қабылдайды.

7.4.19 Университет түлектерінің біліктілігін тану көрсеткіштері оқу орнын бітіргеннен кейін кемінде 3 жыл бойы мониторингтен өткізіледі.

7.4.20 Университет құрылымында жұмыс берушілердің түлектер біліктілігіне қанағаттану деңгейі туралы пікірлерін есепке алу және талдау жүргізетін қорытынды аттестаттау және жұмысқа орналастыру секторы қарастырылған.

7.4.21 Университетте Жұмысқа орналастыру туралы ереже (<https://htu.edu.kz/images/structure/pdf/pol-trud.pdf>) әзірленіп, бекітілген.

 ШЕРХАН МУРТАЗА UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

7.4.22 Университетте 2020–2025 жылдарға арналған түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жөніндегі Жол картасы әзірленіп, іске асырылуда. Оның негізіне әлеуметтік әріптестікті нығайту, еңбек нарығындағы жас мамандарға деген нақты сұраныс пен кадрлық қажеттілікті айқындау, түлектердің мансаптық өсуін кемінде 3 жыл бойы қадағалау үшін кафедралар мен факультеттердің түлектермен жүйелі байланысын орнату, сондай-ақ өндірістік қызметте практикалық көмек көрсету және басқа да шаралар енгізілген.

7.4.23 Жұмыс берушілердің пікірлерін талдау нәтижелері бойынша көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын жетілдіру жөніндегі жоспарлар әзірленеді.

8. Профессор-оқытушылар құрамы

8.1 Университетте білім беру және ғылыми үдерісті іске асырумен байланысты адами ресурстарға айрықша мән беріледі. Аталған үдеріс профессор-оқытушылар құрамы мен басқару персоналының (ректорат өкілдері, кафедра және құрылымдық бөлімше басшылары) жеке ресурстарын біріктіретін кадрлық әлеуетке тәуелді. Кадрлық әлеуетті қалыптастыру мен дамытудың жолдары мен тәсілдері университеттің кадр саясаты арқылы айқындалады.

8.2 Университеттің кадр саясаты стратегиялық жоспардың құрамдас бөлігі болып табылады және кадрлық әлеуетті университеттің миссиясы мен мақсаттарына сәйкестендіруге бағытталған. Кадр саясатының мақсаты – жоғары кәсібилік деңгейіне ие кадрлық құрамды қалыптастыру, дамыту және басқару жүйесін құру.

8.3 Университеттің кадр саясатын қалыптастыру және іске асыру келесі қағидаттарға негізделеді:

Қазақстан Республикасы Конституциясының және еңбек заңнамасының нормаларын қатаң сақтау;

- профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерді басқаруда демократиялық тәсіл;
- қызметкерлердің кәсіби әлеуетін, бастамашылдығы мен шығармашылығын дамыту үшін тең мүмкіндіктер қамтамасыз ету;

- қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға және олардың қызметін ынталандыруға бағытталу;

- кадрлық сабақтастық пен жаңартуды қамтамасыз ету.


8.4 Университетте оқытушыларды жұмысқа қабылдау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексіне (2021 жылғы 1 шілдедегі №61-VII өзгерістермен) сәйкес конкурстық негізде және жалдау тәртібімен жүзеге асырылады.

8.5 Жыл сайын мерзімді баспасөз басылымдарында бос лауазымдар туралы хабарландырулар жарияланып, оларды иеленуге арналған конкурстар Университет Шерхан Мұртаза Ғылыми кеңесінің отырысында бекітілген профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлердің лауазымдарын конкурстық тәртіппен алмастыру қағидаларына сәйкес өткізіледі.

8.6 Университетте қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес лауазымдардың біліктілік сипаттамаларын айқындау арқылы кандидаттарға қойылатын талаптар белгіленген және Ғылыми кеңеспен бекітілген.

8.7 Университетте дәрістерді «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» ғылыми дәрежесі, «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежесі, сондай-ақ «қауымдастырылған профессор (доцент)» немесе «профессор» ғылыми атағы (бар болған жағдайда) бар тұлғалар жүргізеді. Сонымен қатар тиісті ғылымдар магистрі дәрежесі бар және оқытушы лауазымында кемінде үш жыл еңбек өтілі немесе бейіні бойынша кемінде бес жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар аға оқытушылар дәріс оқуға жіберіледі.

Дәрістер мен өзге де оқу сабақтарын өткізуге ғылыми қызметкерлер, мәдениет, өнер, спорт саласының еңбек сіңірген қайраткерлері, шығармашылық одақтардың мүшелері немесе даярлау бағытының бейініне сәйкес экономика саласында практикалық тәжірибесі бар білікті мамандар тартылуы мүмкін.

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

8.8 Жұмысқа қабылдау, персоналды құқықтары мен міндеттерімен таныстыру, ауыстыру және жұмыстан босату рәсімдері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес Ұйымдастыру және кадр жұмысы бөлімі арқылы жүзеге асырылады.

8.9 Жеке істер құжаттар тізімдемесін, жеке куәлік көшірмесін, базалық білім туралы дипломдарды, ғылыми дәреже мен атақ беру туралы құжаттарды, жеке парақтарды, өзін-өзі бағалау есебін, фотосуреттері бар кадрларды есепке алу құжаттарын, өмірбаянды, еңбек шарттарын, өтініштерді, сертификаттар көшірмелерін, мемлекеттік наградаларды, бұйрықтардан үзінділерді, ғылыми еңбектер тізімін қамтиды.

8.10 Еңбек кітапшалары белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі және сейфте бөлек сақталады. Оларға жұмысқа қабылдау, лауазымнан лауазымға ауыстыру, алғыс жариялау және көтермелеу туралы жазбалар уақтылы енгізіледі. Персоналдың құқықтары мен міндеттері лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады және уақыт талабына сәйкес жүйелі түрде жаңартылып отырады. Барлық кадрлық рәсімдер бұйрықтармен рәсімделіп, университет қызметкерлеріне уақтылы жеткізіледі.

8.11 Университетте оқытушының Ар-намыс кодексі қабылданған

Оқытушы қызметінің басты бағыты – студенттермен жұмыс жасау, олардың білімділігі мен мәдениетін дамыту, отаншыл азаматтарды тәрбиелеу.

Оқытушы кәсіби маман ретінде өзінің теориялық білімін және педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіріп отыруы, ғылыми-зерттеу қызметін адалдық қағидаттарына негіздей отырып жүзеге асыруы, пайымдарының дәлелділігі мен бейтараптығын, нәтижелерді жариялаудағы адалдығын қамтамасыз етуі тиіс.

Оқытушы – парасаттылық пен зиялылықтың, мораль мен адамгершіліктің үлгісі, Қазақстан мемлекеттілігінің белсенді насихатшысы, сыбайлас жемқорлықтың, тәртіпсіздік пен жауапсыздықтың кез келген көріністеріне түбегейлі қарсы тұлға.

Оқытушы жеке үлгісі арқылы студенттерге еңбек және оқу тәртібін сақтау қажеттігін, әріптестерге құрметпен қарауды көрсетеді, өзіне және іс-әрекетіне талапшыл, қателіктерін ашық мойындап, оларды адал түзетеді.

Оқытушы әріптестері мен студенттерінің кәсіби қызметіне баға беруде адал және бейтарап болуы, ұйымдасқандығымен, сөзі мен ісінің бірлігімен ерекшеленуі, принципті мәселелер бойынша өз ұстанымын ашық білдіруі және оны дәлелді түрде қорғауы тиіс.

Оқытушының Ар-намыс кодексі – Қазақстан қоғамы мен мемлекетінің жалпыға танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген адал мінез-құлықтың моральдық нормалары, міндеттері мен талаптарының жүйесі.


Университет ұжымы жарияланған базалық қағидаттарды іске асыру және Студент пен оқытушының Ар-намыс кодексін сақтау жауапкершілігін өзіне алады. Университеттің адамгершілік және зияткерлік қуаттың үлгісіне айналып, Қазақстан жоғары білімінің элитасын қалыптастыруға үлес қосуы үшін белсенді күш-жігер жұмсалады.

8.12 Қашықтықтан оқыту форматына толық немесе ішінара көшу жағдайында университет оқытушылары ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құзыреттерін, цифрлық білім беру жағдайында жұмыс істеуге арналған педагогикалық технологиялар мен әдістемелік құралдарды меңгеруі тиіс.

8.13 Университетте біліктілік талаптары белгіленген, профессор-оқытушылар құрамының осы талаптарға сәйкестігіне тұрақты мониторинг жүргізіледі және АКТ-құзыреттері саласында олардың біліктілігін арттыру қамтамасыз етіледі:

- педагогикалық даярлық: электрондық оқу контентін/ресурстарын әзірлеу талаптарын білу;
- әдістемелік даярлық: инновациялық әдістемелер мен білім беру технологияларын (жобалық оқыту, ойындандыру, төңкерілген оқыту, аралас оқыту және т.б.) меңгеру; авторлық онлайн курстар әзірлеу әдістемесін игеру; зерттеушілік құзыреттер (өз қызметінің нәтижелерін зерттеу, талдау және жетілдіру қабілеті); білім алушылардың өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастыру және уәждеу дағдылары;

- ақпараттық технологиялармен жұмыс дағдылары: АКТ-құзыреттерінің болуы; онлайн курстар әзірлеу; пән бейіні бойынша симуляторларды, виртуалды зертханаларды, VR-жүйелерді пайдалану; нақты уақыт режиміндегі бейнебайланыс платформаларын (BigBlueButton және т.б.)

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

қолдану; білім беру ортасын басқару жүйелерін (мысалы, BlackBoard, DoceboLearn, Google Classroom) пайдалану.

8.14 Профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау академиялық сағаттармен және (немесе) кредиттермен жүзеге асырылады. 1 академиялық сағат 50 минутқа тең деп есептеледі. Оқу жұмысының өзге түрлері бойынша педагогикалық жүктеме жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымымен дербес белгіленетін уақыт нормалары негізінде айқындалады.

Ғылыми кеңес бекіткен педагогикалық жүктеменің шекті көрсеткіштері:

№	Лауазым	Жылдық жүктеме (сағат)	Үлес, %
1	Профессор	500-550	30
2	Доцент, қауымдастырылған профессор	551-600	
3	Ғылыми дәрежесі бар сеньор-лектор	601-680	20
4	Ғылыми дәрежесі жоқ сеньор-лектор	681-720	30
5	Оқытушы	721-780	20
		Орташа жылдық жүктеме 650*	

8.15 Ағылшын тілінде сабақ жүргізетін профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесі штаттық бірлік көлемінен 100–150 сағатқа қысқартылады.

8.16 Кафедра штаттық кестесіне енгізілген факультет декандарының педагогикалық жүктемесі штаттық бірлік көлемінің 30%-ына дейін (450–550 сағат) қысқартылады.

8.17 Кафедра штаттық кестесіне енгізілген факультет декандарының орынбасарларының педагогикалық жүктемесі штаттық бірлік көлемінің 10%-ына дейін қысқартылады.

9. Жазғы семестрді ұйымдастыру

9.1 Жазғы семестрге тіркелуге білім алушылардың келесі санаттары жіберіледі:

-академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысушылар;

-қосымша кредиттерді меңгеруге ниетті тұлғалар;

-академиялық қарызды немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жоюды қалайтын білім алушылар;

-GPA көрсеткішін арттыруға ниеттілер;

-сабақтас немесе қосымша білім беру бағдарламасын, оның ішінде қос дипломды білім беру шеңберінде меңгеруге ниетті тұлғалар;

-қайта қабылдану, басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымынан (ЖЖОКБҮ) ауысу немесе академиялық демалыстан оралу кезінде оқу жоспарындағы академиялық айырмашылығы бар білім алушылар.

Жұмыс оқу жоспарындағы пәндер бойынша жазғы семестрде жойылмаған академиялық айырмашылық кейіннен академиялық қарыз ретінде есептеледі.

9.2 Келесі курсқа ауыстырылған, бірақ академиялық қарызы бар Университет білім алушылары тиісті пәндерді тек ақылы негізде қайта меңгеруге міндетті.


9.3 Жазғы семестрді ұйымдастыру рәсімдері

9.3.1 Бітіруші курсты қоспағанда, ұзақтығы кемінде 6 апта болатын жазғы семестрді енгізуге жол беріледі. Жазғы семестр қосымша оқыту қажеттіліктерін қанағаттандыру, академиялық қарызды немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою, басқа білім беру ұйымдарында пәндерді меңгеріп, оларды өз ЖЖОКБҮ-да міндетті түрде қайта есепке алу, GPA арттыру, сондай-ақ сабақтас немесе қосымша білім беру бағдарламасын (оның ішінде қос дипломды білім беру шеңберінде) меңгеру мақсатында ұйымдастырылады.

Жазғы семестр Университет Шерхан Муртаза ректорының бұйрығы негізінде Академиялық күнтізбеге сәйкес ақылы негізде өткізіледі.

9.3.2 Бекітілген сметаға сәйкес білім беру бағдарламасының бір кредитінің құнын бухгалтерия белгілейді.

9.3.3 Факультет декандары жазғы семестр басталғанға дейін бір апта бұрын оның өткізілу мерзімдері мен шарттары туралы ақпаратты білім алушыларға жеткізеді.

	Шерхан Муртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

9.3.4 Жазғы семестрге жазылу көктемгі академиялық кезеңдегі екінші аралық бақылау аяқталған күннен кейінгі оқу аптасында ұйымдастырылады.

9.3.5 Жазғы семестрге қатысу үшін жазылу және тіркеу білім алушының өтініші және кредиттердің толық құнын төлеуі негізінде Тіркеуші офисімен жүргізіледі.

9.3.6 Жазғы семестрді рәсімдеу тәртібі: білім алушы тиісті пән бойынша сабақтар басталғанға дейін Тіркеуші офисіне жазғы семестрге қатысу ниеті туралы (әр пән бойынша кредиттер санын және оқыту тілін көрсете отырып) өтініш береді, өтінішке төлем түбіртегінің көшірмесі қоса тіркеледі.

9.3.7 Тіркеуші офисі білім алушылардың өтініштері негізінде жазғы семестрге қатысушылар тізімін қалыптастырады.

9.3.8 Тіркеуші офисі жазғы семестрді ұйымдастыру туралы ректордың атына қызметтік жазба дайындайды.

9.3.9 Тіркеуші офисі жазғы семестрдің сабақ кестесін жасайды, бұл ретте жазғы семестрге тартылған оқытушылардың жүктемесі ескеріледі.

9.3.10 Белгіленген мерзімде өтініш бермеген білім алушылар жазғы семестрге қатысуға жіберілмейді.

9.4 Жазғы семестр нәтижелері

9.4.1 Жазғы семестр кезеңіндегі білім алушының академиялық үлгерім нәтижелері электрондық журналда көрсетіліп, PLATONUS автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қайталанатын.

9.4.2 Білім беру бағдарламасының оқу жоспарына кірмейтін пәндер бойынша білім алушының қорытынды бағасын жазғы семестр кезеңінде дәріс оқыған лектор (тьютор) қояды. Бағалау білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың әріптік жүйесімен, төрт балдық жүйенің сандық баламасына сәйкес жүзеге асырылады.

9.4.3 Жазғы семестрдегі емтихан нәтижесінде алынған оң қорытынды баға тиісті пән бойынша белгіленген кредиттер санын игерілген кредиттерге қосуға негіз болады, білім алушының транскриптіне енгізіледі және тиісті семестрдің GPA көрсеткішіне есептеледі.

9.4.4 «Қанағаттанарлықсыз» («FX», 25–49 балл) бағасын алған жағдайда білім алушы оқу пәні/модулі бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие болады. «FX» бағасына сәйкес келетін қайта тапсырулар аралық аттестаттау кезеңінде және келесі академиялық кезең басталғанға дейінгі демалыс уақытында жүзеге асырылады.

9.4.5 Емтиханда «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда қорытынды баға есептелмейді, пән игерілмеген болып саналады.

9.5 Жазғы семестрде жалпы көлемі студенттер үшін 30 ECTS кредиттен, магистранттар үшін 15 ECTS кредиттен аспайтын бірнеше пәнді меңгеруге жол беріледі.

10. Практиканы ұйымдастыру және өту

10.1 Университет Шерхан Муртаза-да білім алушылардың кәсіби практикасы туралы ереже; кәсіби практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидалары, сондай-ақ ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау қағидалары әзірленіп, бекітілген (<https://htu.edu.kz/images/structure/pdf/kpe.pdf>).


10.2 Кәсіби практика білім алушының оқу жұмысының міндетті түрі болып табылады. Кәсіби практиканың негізгі түрлері: оқу, педагогикалық, өндірістік және дипломалды практика.

Оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде кәсіби практиканы академиялық кезеңнен бөлек те, академиялық кезеңмен қатар та енгізуге жол беріледі.

Кәсіби практика нәтижелері аралық аттестаттау қорытындыларын шығару кезінде ескеріледі.

Практика ұзақтығы аптамен айқындалады, бұл ретте студенттің практика кезеңіндегі апталық нормативтік жұмыс уақыты 30 сағатқа тең (5 күндік жұмыс аптасында күніне 6 сағат).

10.3.1 «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша білім алушылардың педагогикалық практикасын ұйымдастыру және өткізу қағидалары білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен әдістемелік ұсынымдарға сәйкес университетпен әзірленіп, бекітіледі (<https://htu.edu.kz/images/structure/pdf/pbbkp.pdf>).

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

10.3.2 Кәсіби практиканы өткізу базасы ретінде практикаға басшылық жасайтын білікті кадрлары және тиісті материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар айқындалады.

10.3.3 Негізгі білім беру бағдарламасы (Major) және қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) іске асырылған жағдайда практика базасы негізгі білім беру бағдарламасының (Major) бейініне сәйкес келетін ұйым (кәсіпорын) болып айқындалады.

10.4 Кәсіби практиканың түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны білім беру бағдарламасымен айқындалады.

Практиканы өткізу мерзімдері университетпен оқу жоспары мен академиялық күнтізбеге сәйкес, университеттің оқу-өндірістік базасының және практика базалары болып табылатын ұйымдардың мүмкіндіктерін, сондай-ақ білім алушылардың теориялық даярлық деңгейін ескере отырып белгіленеді.

10.5 Практиканың барлық түрлері білім беру бағдарламаларының (мамандықтардың) бейінін, кәсіпорынның, практика өтетін ұйымның сипатын ескере отырып, бейінді кафедралар әзірлейтін жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес өткізіледі. Практика бағдарламалары факультет кеңесінде қаралып, факультет деканымен бекітіледі.

10.6 Университетте кәсіби практиканы өткізуге арналған шарттың нысаны әзірленген.

10.7 Практиканы ұйымдастыру оның барлық кезеңдерінде мамандарды даярлау деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес білім алушылардың кәсіби дағдыларды меңгеруінің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

10.8 Білім алушылардың оқу практикасы университеттің оқу бөлімшелерінде немесе кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда өткізілуі мүмкін.

Өндірістік практика, әдетте, практика базасын ұсыну туралы қолданыстағы шарттарға сәйкес практика базасы болып табылатын кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда өткізіледі.

Дипломалды практика бейінді кафедраның зертханаларында және әдістемелік кабинеттерінде өткізіледі.

10.9 Білім беру бағдарламаларының (мамандықтардың) оқу жоспарларында практика түрлерінің әрқайсысына сәйкес келетін кредиттер саны айқындалады. Білім алушылар тиісті практика түріне тіркеліп, оны жеке оқу жоспарына енгізеді.

Практика нәтижелері бойынша білім алушы-практикант жазбаша есеп дайындайды және оны кафедрадағы комиссия алдында қорғайды. Практикадан өту нәтижелері стипендия тағайындау және келесі оқу жылына көшіру мәселелерін қарау кезінде ескеріледі. Баға практика бойынша ведомоске енгізіледі.

Практиканың жалпы қорытындылары, мүмкін болған жағдайда практика базалары өкілдерінің қатысуымен, қорытынды конференцияларда шығарылады.

11. «Қазақстан тарихы» мемлекеттік емтиханын ұйымдастыру және өткізу


11.1 Университет бакалавриаттың барлық білім беру бағдарламаларында «Қазақстан тарихы» пәнін оқу міндетті талап болып табылады. Бакалавриат деңгейіндегі барлық білім беру бағдарламалары және (немесе) кадрлар даярлау бағыттары бойынша білім алушылар аталған пәнді аяқтағаннан кейін, сол академиялық кезеңде «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан тапсырады.

11.2 Техникалық және кәсіптік (орта кәсіптік) білім негізінде жеделдетілген мерзіммен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын студенттер «Қазақстан тарихы» пәнін оқып, осы пән бойынша мемлекеттік емтихан тапсырады.

11.3 Жоғары білім негізінде жеделдетілген мерзіммен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын студенттер «Қазақстан тарихы» пәнін оқымайды және осы пән бойынша мемлекеттік емтихан тапсырмайды.

11.4 Оқытудың барлық нысандары мен білім беру бағдарламалары үшін «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның бірыңғай жұмыс оқу бағдарламасы аталған пәннің үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленеді және университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

11.5 Мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру «Қазақстан тарихы» пәні бойынша сабақ

 IBERKIAN MURTAZA UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

жүргізетін кафедра тарапынан факультет деканатымен және Тіркеуші офисімен бірлесіп жүзеге асырылады.

11.6 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес ауызша, жазбаша немесе тестілеу нысанында өткізіледі. Мемлекеттік емтихан өткізу нысаны университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен айқындалады.

11.7 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды қабылдау үшін факультет деканының ұсынысы негізінде күнтізбелік жылға мемлекеттік емтихан комиссиясы (МЕК) құрылады.

11.8 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша МЕК төрағасы мен құрамы Ғылыми кеңес шешімі негізінде университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

11.9 МЕК отырыстарының кестесі академиялық күнтізбеге сәйкес Оқу-әдістемелік басқарма мен Тіркеуші офисі бірлесіп жасайды және мемлекеттік емтихан басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын ректор бекітеді. МЕК отырысының ұзақтығы күніне 6 (алты) академиялық сағаттан аспайды.

11.10 «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру және өткізу тәртібі, сондай-ақ МЕК отырысын өткізу рәсімі университетпен дербес айқындалады.

11.11 Мемлекеттік емтихан нәтижелері студенттердің білімін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады. Қорытынды баға жіберу рейтингісінің бағасы мен мемлекеттік емтихан бағасын ескере отырып қойылады. Мемлекеттік емтиханға жіберу рейтингісінің үлесі пән бойынша қорытынды бағаның кемінде 27%-ын құрайды.

11.12 Студент «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханнан «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда, келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде ақылы негізде осы пәнге қайта тіркеледі, барлық оқу сабақтарына қайта қатысады, ағымдағы бакылау талаптарын орындайды, жіберу алады және мемлекеттік емтиханды қайта тапсырады.

11.13 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның оң бағасын арттыру мақсатында қайта тапсыру осы тармақта көрсетілген рәсімге сәйкес жүзеге асырылады.

11.14 Мемлекеттік емтихан нәтижесімен келіспеген студент МЕК өткізілген күннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей апелляция береді.

11.15 Апелляция өткізу үшін университет ректорының бұйрығымен «Қазақстан тарихы» пәні бойынша тәжірибелі оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады.

11.16 «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан нәтижелері оны тапсыру көзделген емтихан сессиясының қорытындыларын шығару кезінде ескеріледі.

11.17 Апелляция қанағаттандырылған жағдайда МЕК отырысының хаттамасы қайта рәсімделеді. Бұл ретте алғашқы хаттаманың нәтижелері «Баға № _____ жылғы хаттамамен қайта қаралды, _____ бет» деген жазбамен жойылып, оған МЕК-тің қатысқан барлық мүшелері қол қояды.

11.18 Мемлекеттік емтихан аяқталғаннан кейін МЕК төрағасы комиссия жұмысы туралы есеп дайындайды, ол университеттің Ғылыми кеңесі отырысында қаралып, бекітіледі.


12. Білім алушылардың қорытынды аттестаттауы

12.1 Қорытынды аттестаттау білім беру бағдарламасының (ББ) жалпы көлемінде кемінде 8 академиялық кредитті құрайды. Университет қорытынды аттестаттау формасын және өткізу тәртібін өз бетінше анықтайды. Қорытынды аттестаттау келесі нысандарда өткізіледі: дипломдық жұмыс/жоба (ДР/ДП) немесе командалық жобалар; стартап-жобалар, конкурс жұмыстары; эссе, кейс, ауызша немесе жазбаша емтихандар және басқа да нысандар, немесе екі кешенді емтихан тапсыру түрінде.

Магистратурада қорытынды аттестаттау магистратураның ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттары бойынша ББ жалпы көлемінде кемінде 8 академиялық кредитті құрайды және ДР/ДП, магистрлік диссертация/жобаны (МД/МЖ) қорғау нысанында өткізіледі. Университет ДР/ДП, МД/МЖ қорғау тәртібін өз бетінше анықтайды.

МД/МЖ ғылыми жетекшісі кадрларды даярлау бағыттарына сәйкес оқытушылар немесе кемінде 10 жыл еңбек тәжірибесі бар профиль бойынша жұмыс істейтін мамандар болып табылады.

ДР/ДП қорғау формасында қорытынды аттестаттаудан өтуге төмендегі талаптарға сәйкес

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

білім алушылар жіберіледі:

а) GPA кемінде 3,5 («Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» бағдарламаларының топтары үшін ерекшелік бар);

б) «Мода, дизайн», «Қол өнері мен сызуды оқыту мұғалімдерін даярлау», «Кәсіби оқыту», «Хореография» және «Демалыс» бағдарламаларының топтары.

Шетелдік студенттер, егер олардың GPA а) және б) тармақтарына сәйкес келмесе, бірақ өз мемлекетінің білім туралы құжаттарын тану рәсімдері бойынша осы аттестаттау формасын тапсыруға мәжбүр болса, қорытынды аттестаттауға арнайы проректор құратын комиссия шешімі бойынша жіберіледі.

Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін тұлғалар дипломдық жобаны қорғау орнына екі кешенді емтихан тапсырады.

Сонымен қатар, медициналық көрсеткіштер бойынша дипломдық жобаны қорғаудың орнына екі кешенді емтихан тапсыратын тұлғалар (жеке өтініш бойынша):

- ұзақ мерзімді стационарлық емдеуде жүргендер;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар, соның ішінде мүгедектер;
- жүкті немесе 2 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеп отырғандар.

Ерекше жағдайларда (онкологиялық ауру, соңғы жүктілік апталары және т.б., растайтын құжаттармен бірге) дипломдық жобаны қорғау немесе кешенді емтиханды қабылдау онлайн форматта прокторинг жүйесін пайдалану арқылы білім алушының өтініші бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Кешенді емтихан тапсыру үшін білім алушы қорытынды аттестаттау кезеңінен бір ай бұрын ректорға өтініш жазады және сәйкес құжат ұсынады.

Бітіруші курс студенттерін қорытынды аттестаттауға жіберу факультет деканының бұйрығымен қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бір апта бұрын рәсімделеді.

12.2 Білім алушы қорытынды аттестаттау формасын таңдау туралы өтініш жазады.

12.3 Қорытынды аттестаттау бағдарламасында интеграциялық білім мен негізгі компетенциялар көрсетіледі, олар еңбек нарығының талаптарына сәйкес келуі тиіс. Университет кешенді емтиханның жұмыс бағдарламаларын, оны өткізу технологиясын өз бетінше әзірлейді және бекітеді, пәндер бағдарламалары негізінде, осы кешенді емтиханға енгізілген.

12.4 Дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар) университет тарапынан плагиатқа тексеріледі.

12.5 Білім алушылардың қорытынды аттестаттауын өткізу үшін университет білім беру бағдарламасы (ББ) немесе кадрларды даярлау бағыттары бойынша Аттестаттау комиссиясын (АК) құрады.

Аттестаттау комиссиясының құзыретіне мыналар кіреді:

-бітіруші кадрлардың теориялық және практикалық дайындығының білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкестігін тексеру;

-бітірушіге тиісті ББ бойынша «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесін беру немесе «маман» біліктілігін тағайындау;


-кадрларды даярлау сапасын әрі қарай жақсартуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу.

12.6 Әр ББ немесе кадрларды даярлау бағыттары бойынша АК барлық оқу формалары үшін құрылады. Факультет декандары ағымдағы жылдың 15 қазанынан кешіктірмей АК төрағаларының кандидатураларын ұсыныс ретінде АСБ-на береді; кандидаттар профессорлар, доценттер, ғалымдар, оқытушылар, өндірістік тәжірибесі бар мамандар қатарынан таңдалады және олар шығарылатын мамандар бейініне сәйкес келеді.

12.7 АК төрағасы және құрамын университет ректорының бұйрығы университет Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ағымдағы оқу жылының 10 қаңтарына дейін бекітеді және ол ағымдағы күнтізбелік жыл бойы әрекет етеді. АК құрамының саны 5 адамнан аспайды.

12.8 АК жұмысының кестесін АСБ тіркеу офисімен бірлесіп құрастырады, ректор бекітеді және АК жұмысы басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын жалпыға жария етеді.

12.9 Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу факультет деканының өкімімен, білім алушылар тізімі бойынша, қорытынды аттестаттау басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын рәсімделеді және АК-ға ұсынылады.

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

12.10 Дипломдық жоба (жұмыс) бойынша рецензия тек қорғалатын жұмыстың бейініне сәйкес біліктілігі бар сыртқы ұйымдардың мамандары арқылы жүргізіледі.

12.11 Бітірушілердің дипломдық жұмыс/жоба тақырыптарының рецензенттері университет ректорының бұйрығымен, арнайы кафедра меңгерушісінің ұсынысы негізінде, олардың жұмыс орны мен лауазымын көрсете отырып, ағымдағы оқу жылының 31 наурызына дейін бекітіледі.

12.12 Университет кешенді емтиханның жұмыс бағдарламаларын, оны өткізу технологиясын оқу пәндерінің бағдарламалары негізінде өз бетінше әзірлейді және бекітеді.

12.13 Дипломдық жұмыс/жоба (ДЖ/ДЖ), магистрлік диссертация/жоба (МД/МЖ) қорғау АҚ-ның ашық отырысында өткізіледі.

12.14 Кешенді емтихандардың және ДЖ/ДЖ, МД/МЖ қорғалу нәтижелері сол күні жарияланады. Қорғау бағаларына қатысты шешімдер, сондай-ақ біліктілік беру, академиялық дәрежені тағайындау және диплом беру (калыпты немесе «отличие» мәртебесімен) АҚ жабық отырысында, отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы жай көпшілік даусымен қабылданады.

12.15 Кешенді емтиханды немесе ДЖ/ДЖ, МД/МЖ қорғауды оң бағаны көтеру мақсатында қайта тапсыруға жол берілмейді.

12.16 «Қанағаттанарлықсыз» («F») баға алған тұлғаларға кешенді емтиханды қайта тапсыру немесе ДЖ/ДЖ, МД/МЖ-ны қайта қорғау сол қорытынды аттестаттау кезеңінде рұқсат етілмейді.

12.17 Қорытынды аттестаттаудан өткен, білім беру бағдарламасын меңгерген білім алушыға АҚ шешімі бойынша тиісті БББ бойынша «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесі тағайындалады немесе мамандыққа сәйкес біліктілік беріледі және оған қосымшасымен бірге тегін диплом шығарылады.

Диплом қосымшасында (транскрипте) барлық оқу және (немесе) ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу) жұмыстары бойынша соңғы бағалар балдық-рейтингтік әріптік жүйеде, сондай-ақ олардың академиялық кредиттер мен сағатпен көлемі көрсетіледі.

Университет білім туралы өз үлгідегі құжаттарды рәсімдеу формасы мен толтыру талаптарын бекітеді.

12.18 Жоғары білім беру бағдарламасы бойынша барлық пәндер мен оқу қызметінің түрлері бойынша қорытынды бағалары А, А– «отлично», В-, В, В+, С+ «жақсы» және орташа бағасы (GPA) 3,5-тен төмен емес, сонымен қатар кешенді емтиханды тапсырған немесе дипломдық жұмыс/жобаны (ДЖ/ДЖ) қорғаған студенттерге диплом «отличие» мәртебесімен беріледі (қосымша оқу түрлері бойынша бағалар есепке алынбайды).

12.19 Бүкіл оқу кезеңінде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру немесе қайтадан қорытындылау фактісі болған білім алушыға диплом «отличие» мәртебесімен берілмейді.


12.20 Қорытынды аттестаттауда «қанағаттанарлықсыз» («F») баға алған білім алушы университеттен ректордың бұйрығымен оқудан шығарылады, себебі: «білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған: дипломдық жұмыс/жоба немесе магистрлік диссертация/жоба қорғамаған» немесе «білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған: кешенді емтихан тапсырмаған».

«F» («қанағаттанарлықсыз») баға алған жағдайда кешенді емтиханды қайта тапсыру немесе ДЖ/ДЖ, МД/МЖ қайта қорғау сол қорытынды аттестаттау кезеңінде рұқсат етілмейді.

12.21 Білім алушының қайта қорытынды аттестаттауы (ҚА) келесі қорытынды аттестаттау кезеңінде тек алдыңғы ҚА-да «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы алынған нысандар бойынша ғана өткізіледі.

Қайта тапсыратын тұлғалар үшін кешенді емтихандарға шығарылатын пәндер тізбесі білім алушының теориялық курсты аяқтаған жылы қолданыста болған бекітілген жұмыс оқу жоспарына сәйкес айқындалады.

12.22 Теориялық курсты аяқтап, қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша университеттен оқудан шығарылған білім алушы келесі оқу жылындағы қорытынды аттестаттау басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын университет ректорының атына «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы алынған нысандар бойынша қайта тапсыруға рұқсат беру туралы өтініш жазады.

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

Бұрын оқудан шығарылған білім алушы қорытынды аттестаттауға тек ақылы негізде жіберіледі.

12.23 Қорытынды аттестаттау ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 8 академиялық кредитті құрайды және магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау нысанында өткізіледі.

12.24 Қорытынды аттестаттауға жұмыс оқу жоспары мен жұмыс оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің кәсіби оқу бағдарламаларын толық меңгерген білім алушылар жіберіледі.

Жұмыс оқу жоспарының және жеке оқу жоспарының (ЖОЖ) талаптарын орындамаған бітіруші курс білім алушылары қорытынды аттестаттауға жіберілмейді және қайта оқу курсына қалдырылады.

Магистратура білім алушыларын қорытынды аттестаттауға жіберу университет ректорының бұйрығымен ҚА басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын рәсімделеді.

12.25 МД/МЖ қорғау кестелері академиялық күнтізбеге сәйкес университет ректорының немесе оның тапсырмасы бойынша академиялық мәселелер жөніндегі проректордың бұйрығымен бекітіледі және АҚ жұмысы басталғанға дейін кемінде екі апта бұрын жалпыға жария етіледі. Бір күнде қорғауға 6–8 МД/МЖ-дан артық жіберілмейді.

12.26 Магистратура бойынша Аттестаттау комиссиясының (АК) төрағалары мен мүшелерінің кандидатуралары шығарылатын мамандар бейініне сәйкес ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар тұлғалар қатарынан ағымдағы жылдың 15 қазанына дейін бітіруші кафедралардың ұсыныстары негізінде ЖОО кейінгі білім беру орталығына ұсынылады.

АК төрағалары болып университеттің штаттық қызметкерлері болып табылмайтын беделді ғалымдар мен жоғары білікті мамандар тағайындалады. Бір тұлға қатарынан үш жылдан артық АК төрағасы болып тағайындалмайды.

Білім беру бағдарламасы бойынша АК кемінде 4 адам құрамында, оның ішінде АК хатшысын қоса алғанда, білім алушылар санына қарай жасақталады, 31 желтоқсанға дейін ректордың бұйрығымен бекітіледі және күнтізбелік жыл бойы әрекет етеді. Сабактас білім беру бағдарламалары бойынша бірыңғай АК құруға жол беріледі.

12.27 Қорытынды аттестаттау (ҚА) басталғанға дейін Аттестаттау комиссиясына (АК) магистранттарды ҚА-ға жіберу туралы бұйрықтардың көшірмелері, АК құрамын бекіту туралы бұйрықтардың көшірмелері, сондай-ақ магистрлік диссертацияларды/магистрлік жобаларды (МД/МЖ) қорғау бойынша нөмірленген, тігілген және жеке кітап етіп рәсімделген АК хаттамалары ұсынылады.


12.28 Магистранттардың ҚА аяқталғаннан кейін АК төрағалары белгіленген нысан бойынша ҚА нәтижелері туралы есептер жасайды және оларды екі апта мерзім ішінде университет ректорына ұсынады.

ҚА нәтижелері бойынша АК төрағаларының есептерін уақтылы ұсыну үшін жауапкершілік АК хатшыларына жүктеледі. АК төрағаларының есептері бітіруші кафедралардың ғылыми семинарларында және университеттің Ғылыми кеңесінде талқыланады.

12.29 Университеттің білім беру бағдарламаларын (ББ) аяқтаған түлектердің тізімі, олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), ББ атауы және берілген диплом нөмірлері көрсетіле отырып, университеттің ресми сайтында орналастырылады.

12.30 МД/МЖ АҚ-ға ұсынылғанға дейін бітіруші кафедралардың кеңейтілген отырысында алдын ала қорғаудан өтуі, кейіннен ЖОО кейінгі білім беру орталығының өкімімен сараптамалық комиссия тағайындалуы және «Антиплагиат.ВУЗ» жүйесі арқылы мәтінде өзге еңбектерден алынған материалдардың, сондай-ақ мәтінді мағынасын өзгертпей сөздер мен тіркестерді синонимдік алмастыру (парафраз) арқылы пайдалану фактілерінің, оның ішінде басқа тілден аударылған мәтіннің болуына тексерілуі тиіс.

МД/МЖ-да қасақана плагиат белгілері анықталған жағдайда магистрант МД/МЖ қорғауға жіберілмейді және белгіленген тәртіппен университеттен оқудан шығарылады. МД/МЖ-ны мәтіндік ұқсастықтарға тексеру рәсімі «Антиплагиат.ВУЗ» жүйесін пайдалану тәртібі туралы регламентпен айқындалады.

 ШЕРХАН МУРТАЗА UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

12.31 Мәтіндік ұқсастықтарды анықтау жүйесінде тексерілген МД/МЖ университеттің ресми сайтында орналастырылады.

12.32 МД/МЖ қорғау бекітілген кестеге сәйкес АҚ-ның ашық отырысында, оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі. МД/МЖ қорғау өтетін орын мен уақыт туралы АҚ мүшелерін уақтылы хабардар ету үшін жауапкершілік АҚ хатшысына жүктеледі.

12.33 МД/МЖ қорғау мынадай құжаттар болған жағдайда жүзеге асырылады:

– кемінде бір ғылыми жарияланымның және (немесе) ғылыми-практикалық конференцияда бір баяндама жасаудың болуы;

– ҰБО-ның МД/МЖ-ны «Антиплагиат» бағдарламасы арқылы тексеру нәтижелері туралы анықтамасы;

– ҰБО өкімімен бекітілген үш адамнан тұратын сараптамалық комиссияның қорытындысы;

– ғылыми жетекшінің оң пікірі;

– МД/МЖ-ға жан-жақты сипаттама берілген және магистр дәрежесін беру мүмкіндігі туралы дәлелді қорытындысы бар сыртқы рецензенттің рецензиясы.

12.34 Магистрлік диссертацияға/магистрлік жобаға (МД/МЖ) рецензенттер (бір диссертацияға – бір рецензент) қорғалатын жұмыстардың бейініне сәйкес біліктілігі (ғылыми немесе академиялық дәрежесі) бар сыртқы ұйымдардың мамандары қатарынан тағайындалады. Рецензенттер Үздіксіз білім беру орталығы кеңесінің (ҰБО) ұсынысы негізінде университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

12.35 Ғылыми жетекшінің пікіріне қойылатын талаптар:

– диссертацияның білім беру бағдарламасына (ББ) және ғылым саласына сәйкестігі;

– жұмыстың өзектілігін сипаттау;

– теориялық деңгейі мен практикалық маңыздылығын бағалау;

– қойылған мәселелерді шешудің толықтығы, тереңдігі және бірегейлігін сипаттау;

– жұмыстың қорғауға дайындығын бағалау.

12.36 МД/МЖ-ға берілетін рецензияға қойылатын талаптар:

– жұмыстың өзектілігін сипаттау;

– автордың дербес көзқарасын сипаттау;

– МД/МЖ авторының ұстанымын талдау;

– магистранттың ғылыми зерттеу әдістерін қолдана білуін талдау;

– магистрант қорытындылары мен ұсынымдарының негізділік дәрежесін бағалау;

– алынған нәтижелердің шынайылығын талдау;

– жұмыстың жаңалығы мен практикалық маңыздылығын талдау;

– диссертацияның кемшіліктерін көрсету.

12.37 Аяқталған МД/МЖ бойынша ғылыми жетекшіден және (немесе) бітіруші кафедранан дәлелді теріс пікір алған магистранттар қорғауға жіберілмейді.


12.38 Аяқталған МД/МЖ-ға берілген рецензия мазмұны магистрантқа қорғауға дейін кемінде 1–2 күн бұрын таныстырылады. Теріс рецензия болған жағдайда да МД/МЖ қорғауға ұсынылуы мүмкін.

12.39 МД/МЖ қорғау кезінде ғылыми жетекшінің және бекітілген рецензенттің қатысуы мен сөз сөйлеуі міндетті. Ғылыми жетекші/рецензент дәлелді себеппен болмаған жағдайда, бітіруші кафедра қорғау басталғанға дейін АҚ-ға тиісті растайтын құжатты ұсынады.

12.40 Магистрантқа МД/МЖ бойынша осы бейіндегі немесе сабақтас білім беру бағдарламалары (мамандықтар) саласының мамандарынан қосымша пікірлер ұсынуға рұқсат етіледі. Барлық пікірлер тиісті ұйымның қолымен және мөрімен расталуы тиіс. АҚ-ға МД/МЖ-ның ғылыми және практикалық құндылығын сипаттайтын өзге де материалдар (макеттер, материалдар мен бұйым үлгілері және т.б.) ұсынылуы мүмкін.

12.41 МД/МЖ-ны жария қорғау ғылыми пікірталас сипатында өткізілуі және жоғары талапшылдық, принципшілдік және ғылыми әдеп нормаларын сақтау жағдайында жүзеге асырылуы тиіс. Бұл ретте диссертацияда қамтылған ғылыми және практикалық сипаттағы нәтижелердің, қорытындылар мен ұсынымдардың жаңалығы мен негізділігі жан-жақты талдануы қажет.

12.42 Аттестаттау комиссиясы (АК) МД/МЖ сараптамасының сапасы мен объективтілігіне, қабылданатын шешімдердің негізділігіне жауапты және магистр дәрежесін алуға арналған біліктілік

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	ҚЕ 3-2-1-2023
	Академиялық саясат басқармасы Академиялық саясат	СМЖ Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

жұмыстарына қойылатын белгіленген өлшемшарттарға МД/МЖ-ның сәйкестігін айқындау кезінде жоғары талап деңгейін қамтамасыз етуге міндетті.

12.43 Магистрлік диссертацияны/магистрлік жобаны (МД/МЖ) қорғау рәсімі мынадай кезектілікпен жүзеге асырылады:

– Аттестаттау комиссиясы (АК) төрағасының МД/МЖ қорғауды жариялауы, жұмыстың атауын, авторының тегі, аты, әкесінің атын көрсетуі;

– АК хатшысының қажетті құжаттардың бар екендігі туралы хабарламасы және магистранттың оқу қызметіне қысқаша сипаттама беруі;

– магистранттың кемінде 15 минуттық баяндамасы;

– ғылыми жетекшінің сөзі;

– рецензенттің сөзі;

– магистранттың рецензенттің ескертулеріне және АК мүшелерінің сұрақтарына жауаптары;

– МД/МЖ бойынша ғылыми пікірталас;

– магистранттың қорытынды сөзі.

Бір МД/МЖ қорғау ұзақтығы кемінде 50 минутты құрауы тиіс.

12.44 МД/МЖ қорғау қорытындысы бойынша магистр академиялық дәрежесін беру туралы АК диссертациялық жұмысты «А» (өте жақсы) бағасынан «F» (қанағаттанарлықсыз) бағасына дейінгі аралықта бағалау туралы шешім қабылдайды.

МД/МЖ бағалау мынадай өлшемшарттар негізінде жүзеге асырылады:

– жұмыстың білім беру бағдарламасының (мамандықтың) өзекті теориялық және колданбалы аспектілеріне сәйкестігі;

– бекітілген тақырып бойынша ғылыми зерттеудің дербестігі;

– әдебиеттерге шолудың толықтығы және пайдаланылған дереккөздердің заманауилығы мен өзектілігі;

– алынған нәтижелерді ғылыми зерттеулерде, практикалық қызметте немесе оқу процесінде қолдану мүмкіндігі;

– материалды баяндаудың сауаттылығы мен нақтылығы;

– диссертацияны/жобаны қорғау кезіндегі баяндаманың сапасы (нақтылығы, сауаттылығы, кәсіби терминдерді қолдана білуі, көрнекі материалдардың сапасы және т.б.);

– қорғау барысында қойылған сұрақтарға және рецензенттің ескертулеріне берілген жауаптардың дұрыстығы мен толықтығы.


12.45 МД/МЖ бағасын айқындау кезінде магистранттың теориялық, ғылыми және практикалық даярлық деңгейі, сондай-ақ ғылыми жетекшінің және оппоненттің пікірлері ескеріледі. Шешім отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда АК төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

